

**Автор:** Адилбаев Жасулан Шынгисович

**Пән:** Дене шынықтыру

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Қазақ халқының дәстүрлі ойындары

**Тақырып:** Асық ойындары. Үш табан ойыны

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.2.7.1 Жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсетуді бағалай білу 8.2.3.1 Қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша біріккен, әрі тиімді жұмыс дағдыларын талқылау және көрсете білу
Сабактың мақсаты:	Барлық оқушылар: -Асық ойынын біледі Оқушылардың басым бөлігі: -Асықты нысанана алып атуды орындаі алады Кейбір оқушылар: -Асық түрлерін және ойынының ережелерін ажыратып, ойнай алады
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: асық ойныдарындағы өздерінің қозғалыс дағдыларын және стратегиялық ойлауды талқылай, салыстыра және талдай алады. Мыналарды қамтиды: • ұлттық, зияткерлік • стратегия, тактика, жүріс • алшы, тәйке, шік, бұқ, омпы, шоңқы • рөлдер: ойынши, төреші • команда қарсылас, шабуылдау, қорғаныс • ережелер, бағалау, адаптация • «Омпы» • «Сақа соғыстыру» Талқылау сұрақтары:
Күтілетін нәтиже:	Жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсетуді бағалай біледі. Қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша біріккен, әрі тиімді жұмыс дағдыларын талқылау және көрсете біледі.
Бағалау критерийлері:	Асық ойындары арқылы патриоттық сезімді оятып, әділдіктің әсерін ойын арқылы көрсетеді • Асық ойындарының түрлерін ажыратады және балама үқсас ойындарды құрастырады • Асық ойындарының атауларын атайтын және қандай физикалық қасиеттерді дамытатынын анықтайды
Құндылықтарды дарыту:	• Қазақстандық отаншылдық және азаматтық жауапкершілік • Еңбек пен шығармашылық (ойын барысында жеңіске талпыну, альтернатив ойынды үйлемдестеру кезінде) • Құрметтеу(ойын кезінде жағымды көзқарас) • Ынтымақтастық(Ортақ мақсаттарға қол жеткізу кезінде) • Ашықтық(өзгенің пікірін қабылдау және өз пікірін білдіру кезінде) • Өмір бойы білім алу (жеке тұлғаның әлеуетін дамыту)
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Асық ойындары туралы бейнематериал көрсету. <a href="https://www.zharar.com/kz/national/602-oijn.html">https://www.zharar.com/kz/national/602-oijn.html</a>
Пәнаралық байланыс:	- Презентация, бейне материал арқылы тарих пәнімен байланыстыру - Физикалық жүктеме түсі кезінде бұлшықеттерді атау барысында биология пәнімен байланыстыру
Бастапқы білім:	Оқушылар алдыңғы сыныптардан және сыныптан тыс жағдайларда алған, асық ойындары бойынша білімдері мен түсініктері бар

### Сабак барысы

Сабак кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (5 минут)	<p>Сәлемдесу, оқушылардың сабакқа дайындықтарын тексеру.</p> <p>Оқушылармен бірге оқу мақсаттарын, сабак міндеттерін анықтап алу, сабак барысындағы бағалау критерийлеріне тоқталу; Денени дайындауға арналған қыздыру жаттығуларын орындату.</p> <p>Жұру түрлері: - Қолды жоғары көтеріп, аяқ үшімен жұру; - Қолды жанға созып, өкшемен жұру; - Қолды белге қойып, аяқтың сыртқы, ішкі қырымен жұру;</p> <p>Жүгіру жаттығулары: - Жеңіл жүгіріспен жүгіру; - Қолды алға созып, тізені жоғары көтере жүгіру; - Қолды алға айналдыра оң жақпен жүгіру; - Қолды артқа айналдыра сол жақпен жүгіру; - Жеңіл жүгіріспен жүгіру, тоқтау;</p> <p>Жалпы дene жаттығуларын өткізу:</p>	
Сабақтың ортасы (27 минут)	<p>Топқа бөлу: Оқушылар ұлттық ойындардың суретін табу арқылы екі топқа бөлінеді;</p> <p>Тапсырма №1 «Бәйге» ойыны арқылы сұрақтарға жауап беру. Сұраққа дұрыс жауап берген оқушы бір қадам алға шығады, бір асық алады, әр асық бір үпай есебімен есептеледі.</p> <p>Тапсырма №2 «Тізбек» әдісі арқылы топтар бір қатарға тұрып асықтарды бірнеше рет сақамен атады. Асыққа дәл тигізіп үш табанға ұшырған оқушы асықты алып өз үпайына қосады.</p>	<a href="https://www.zharar.com/kz/national/602-oilyn.html">https://www.zharar.com/kz/national/602-oilyn.html</a>
Сабақтың соңы (5 минут)	Шеңберге тұрғызып, бүгінгі өтілген сабакқа кері байланыс жасау, бірге талқылау, нәтижелерге тоқталу.	
Рефлексия (3 минут)	Оқушылар өздерінің жұмыстарын «Күрмет тұғыры» бойынша бағалайды. Күрмет тұғыры: 1-баспалдақ «Керемет!», 2-баспалдақ «Өзіме сенімдімін!», 3-баспалдақ «Мен жасай аламын!»,	